

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**



ҚазАШҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор Елемес Төлеуұлы Төлеуовты еске алуға арналған "ҒАЛАМДЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ШАРТТАРЫНА ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР" атты ғылыми-тәжірибелік конференция



МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

CONFERENCE PROCEEDINGS

«ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОИЗВОДСТВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ КОНКУРЕНЦИИ» международная научно-практическая конференция, посвященная памяти член-корресподента КазАСХН, д.т.н., профессора Тулеуова Елемеса Тулеуовича

International research conference "INNOVATIVE APPROACHES AND TECHNOLOGIES FOR IMPROVED EFFICIENCY OF PRODUCTION IN A COMPETITIVE GLOBAL ENVIRONMENT", dedicated in honor of Professor, Doctor of technical sciences, Corresponding Member of Kazakh Academy of Agriculture Sciences Yelemes Tuleuov

**1 Наурыз - 1 March, 2016
Семей - Semey
Қазақстан - Kazakhstan**

Кесте 4 – Әйелдер көйлегінің сапа көрсеткіштеріне қойылған талаптарын жүзеге асыру жолдары

№	Талаптардың атауы	Жүзеге асыру жолдары
1	Әлеуметтік	Қарастырылып отырған әйелдер көйлегі тұтынушылар сұранысына сай, аса бағалы емес материалдардан жасалған
2	Функционалды	Әйелдер көйлегі тұтынушының орта жас шамасына және өлшемдік тобына (25-35 жас), оның сыртқы келбетіне және психологиялық құрылымына сай
3	Эстетикалық	Силуэттің геометриялық түрі – «құмсағат», мүшеуі – көлденең, түсі – бір түсті, түрлі фурнитура және безек
4	Эргономикалық	Қолдың алға, жоғары, жан-жаққа максималды көтерілуі, дене бөлігінің бұрылыстары сапалы пішім мен өнімнің үйлесімді тұру арқасында қамтамасыз етілген
5	Пайдаланушылық	Негізгі материал аралас, барқыттан, шифоннан және креп-атластан құралған. Киім бөлшектерінің бірігуі берік және тозуға төзімді.
6	Стандарттау әдістерін қолдану	Конструкцияларды жобалаудың типтік әдістерін қолдану негізінде типтік конструктивті құрылғылардың сабақтастығының мүмкіндігі, киім бөлшектерінің ішінара сәйкестендірілуі.
7	Құрылма технологиялылығы	Барлық ортақ көрсеткіштерге сай келеді: біріктірулер мен киім бөлшектерінің минималды саны, өндеудің параллельді-тізбектік әдістері, түйіндер мен киім бөлшектерінің сәйкестендірілуі, техникалық жабдықталу.
8	Үнемділік	Төмендетілуі үшін барлық әдістерді қолдану арқасында материалды қажетсінуі төмендетілген: ені тиімді маталар (1,5 м), желімді материалдарды қолдану, ұсақ киім бөлшектерінің болуы

Үлгі-аналогтарды талдау негізінде жобалау мүмкіндік беретін өнімнің сапа көрсеткіштеріне үрдісінің кемістікті тұстары анықталды, қойылатын талаптар орнатылды. техникалық тапсырманы қалыптастыруға

Әдебиеттер тізімі:

1. Матузова Е.М., Соколова Р.И., Гончарук Н.С. Разработка конструкций женских швейных изделий по моделям. М.: Легкая и пищевая промышленность, 1983 г. 223с.

ӘӨЖ 781.1

СӘНДІ КИІМДЕР МАТАЛАРЫНДА СУ БЕТІНДЕ СУРЕТ САЛУ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Усенбеков Ж., Ермекбай Д.Ж., Айдосова К.П.,

Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Жұмыста суда сурет салу технологиясы және осы суреттерді мата бетіне көшіру қарастырылған. Осы тәсілмен салынған суретті маталарды сәнді әйел көйлектерінде қолдану қарастырылған. Сурет салу сұйық қоспасын жергілікті, қымбат емес материалдарды қолданып, оның тығыздығын көбейту жолы қарастырылған. Жұмыста сумен салынған суреттер үлгісі және оларды әйел көйлегіне қолдану тәсілі келтірілген.

В работе рассмотрена технология рисования на воде и возможность переноса рисунков на ткани; дальнейшего использования их для декорирования модной одежды для женщин. Рассмотрены возможности использования не дорогих, местных материалов для подготовки водных растворов с увеличенной плотностью. Приведены образцы полученных рисунков и способ использования при подготовке женского платья.

This article considers the technology of drawing on the water and the ability to transfer drawings on cloth; use them for decorating fashionable clothes for women. Considered the possibility of using inexpensive, locally available materials for the preparation of aqueous solutions with increased density. Examples of received drawings and method of use in the preparation of women's dress

Кіріспе. Қазіргі кезде сәнді еркін деп атауға болады. Ол таңдау идеясымен еркіндігінің көптігінен, яғни әртүрлі стильдермен, пішіндермен, үлгілермен сондай-ақ түрлі көлемдерімен және алуан түс гаммаларымен ерекшелінеді. Қазіргі кезде кез келген адамның өз қалауынша сәнді киюіне мүмкіншілігі бар. Тіге білетін және осы іске қызыққан адам өзіне ыңғайлы және сәнді бұйым тігіп кие алады.

Жалпы халықтық дағдарыстың басталуы көптеген дизайнерлерге өздерінің коллекциясын біршама қарапайым және тұтынушылардың өздеріне сатып алу мүмкіндігі болатын қымбат емес материалдар мен маталарды қолдануына әкелді. Сәнді киім жасауда оларды әрлеудің маңызы ерекше. Әрбір киім үлгісі өзіне ғана тән көркемдік ерекшелігі болса, оның құндылығы да жоғары болады. Мұндай киім көретулерде де бәсекеде ұтымды болады. Сонымен, сәнді киімдерді орындауда, оларды тек үлгілеу, материалдарын таңдаулармен қатар, оларды әрлеудің қолайлы жолдарын табу өзекті мәселе. Бұл мәселені шешуде қазіргі кезге дейін сәнді киімдерде қолданыс таппаған, киім бөлшектерінде су бетінде сурет салу тәсілін қолданып әрлеудің маңызы жоғары. Суретті су бетінде салу техникасы әдеби деректерде «Эбру» және «Суминагаши» деп аталады. Бұл сурет салу техникалары өте ерте заманнан келеді. Суминагаши өнерінің шыққан жері Жапония болса, эбру тәсілі бізге Турциядан келіп отыр. Жалпы бұл өнердің пайда болуы ертеректе Индия, содан соң оны Осман империясына жеткен деген шамалау бар [1]. Ал түріктердің тарихи деректеріне сүйенетін болсақ эбру тісілінің отаны ескі Түркістан [2]. Эбру деген сөздің өзі Шағатайша «муар сияқты, тамырлы» дегенді білдіретін «эбрэ» сөзі эбрудың алғашқы аты. Кейбір деретер эбру сөзінің шығу тарихы «жүз суы» дегенді білдіретін «аб-ы ру» сөзімен байланысты десе, кейбіреулері парсыша «бұлт сияқты» дегенді білдіретін «эбри» сөзінен шыққан дейді [1].

Зерттеу мақсаты. Жұмыста эбру тәсілін сәнді киім жасауда қолдану мәселесінің кейбір айрықшылықтарын қарастырамыз.

Зерттеу нысаны. Сәнді әйелдер көйлектерін маталарды эбру тәсілімен көркемдеп орындау.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Эбру және суминагаши тәсілдерінің екеуінде де суда ерімейтін, оның бетінде қалқып ағатын бояулар қолданылады. Бұл тәсілдердің негізі бір сұйық затпен (бояумен) екінші сұйық зат (қоспалы су) бетінде сурет салу болады. Бұлай сурет салу екі сұйық бір бірімен арласпайтын жағдайда ғана мүмкін, немесе бұл сұйықтардың беттік тартылыстары әртүрлі болуы қажетті. Сурет салынатын сұйық – су қоюланған, ал бояулар сұйығы біркелкі, әрі өте сұйық болуы қажетті.

Суминагаши тәсілімен абстракты сурет салу су төртбұрышты ыдысқа құйылады да, оның бетіне қағаз қатырмадан жасалған ыдысшаларға құйылған бояуларды орналастырып, оларды қаруынша немесе сурет сюжетіне сәйкес, сұйық берінде жүзітіп жылжытылады. Нәтижесінде бояулар су бетінде іздер қалдырып сурет алуға мүмкіндік береді.

Эбру тәсілімен сурет салу технологиясы бойынша, алдыменен бояуларды су бетіне тамызып, оларды қажетті қозғалысқа, келтіру арқылы, қажетті бейне орындалыныды, осыдан соң бұл суретті мата немесе басқа материалдар бетіне көшірмелейді. Сурет көшірілген мата қосымша жылумен өңделіп, сурет оңбайтындай етіп бекітіледі.

Жұмыста сән өнерінде эбру техникасын қолдануды кеңірек қарастырамыз. Сонымен, су бетінде сурет салу - эбру үлкен үйлесімділік қабілетін, ішкі потенциалды қажет ететін бір өнер.

Эбруды жасау үшін ерітіндінің дайындау қажет. Ертеде гевен өсімдігінің тұнбасын қоюландырғыш ретінде қолданған. Гевен латынша қоюландырғыш деген мағына береді. Бұл тау тікенек Иран, Пәкістан, Кавказдың кейбір аудандарында өсіп шығады. Өсімдік шілдеде қиып сабағын және гүлін жинайды. Оны күнге кептіреді, одан тұнба жасап, тазартып суға қосып, оны қоюландырады. Ал, енді эбру бояуының құрамын қарастырсақ, ол су, бояу түрлерінен және өттен тұрады. Эбруға бояулар жасау үшін келесі ерімейтін пигменттерді пайдаланады: сарысы түсі алу үшін табиғи мышыяктің күкірттің қосапынан; көк түсі - өсімдіктің көк тамырынан; жасыл түсі - көк және сары түстерді араластыру арқылы; қара көк түсі - көктің ерекше түрі; қара түсті ошак








күйесінен қолмен жинап алынады. Ақ түсіті бояуды қорғасынның карбонатынан алады. Қызыл түс темір тотығынан алынады [3]. Эбру техникасын орындауда ең күрделі жұмыс, ол бояуды дайындауында.

Қазіргі кезде Туркияда шығарылатын бояулар мен қоюландырғыштар қолданылып жүр. Бірақ олар өте қымбат, оларды судадан табудың өзі көп әрекетті қажет етеді, осыған орай, жерігілікті заттар негізінде жасау мәселесі туындады. Бояулар ретінде қолданыстағы майлы бояуларды арнайы өңдеп, қолдануға болатынын тексеріп, дәлелденді. Суды қоюландыру үшін кәдімгі силикатты желісді, крахмалды, өсімдік майларын пайдалану мәселесі қарастырылды.

Осы заттардың көмегімен суда сурет салуға болады екен. Әрине орындаушының талпынысы мен дағдысына көп байланысты. Төменде, кестеде эбру суретін орындаудың технологиялық үрдісі және қажетті құралдар келтірілген.

Эбру тәсілімен мата түрлерін жасай отырып кешкі сән көйлегін дайындау үшін түйреу әдісі қоланылды. Сызықтар мен иірімді негізгі бейнелеуші құрал ретінде пайдаланылды. Конструктивтік сызықтар пішіннің жалпы және оның бөлшектерінің қосылу сызықтар, яғни тігістерінің, бүрмелері, контурлық сызықтары композициялық сызықтар әртүрлі өңдеулердің, тігістердің бедерлерін, рельефтерін көрсетеді.

Кесте 1- Эбру суретін орындау үрдісі

<p>1. Төртбұрышты ыдысқа құйылған қоспаға бояу шашыратып фон жасау</p>		<p>2. Суретке қажетті бояулар. Сұйықтандырып даярланған</p>	
<p>3. Эбру суретін орындауда қажетті қарапайым құралдар (кист, біз, тарақ)</p>		<p>4. Бояу тамшыларын орналастыру</p>	
<p>5. Суретті тарақпен өңдеу. 6.,7. Матаға түсірген кейбір сурет үлгілері</p>			

Эбру технологиясын қолданып, маталарды өңдеп, салтанатты сәнді көйлектер топтамасы орындалды. Мысалы ретінде суретте 1 түйреу

тәсілімен орындалған көйлектің сырт көрінісі келтірілген.

253	Тимеркаева.Р.Р. Анализ влияния основных факторов на себестоимость продукции свиноводства ООО «Шаранагрогаз» Шаранского района Республики Башкортостан	734
254	Байузакова Г.С., Оразбаева А.О. К вопросу об эстетической функции костюма	736
255	Байұзақова Г.С., Төлеген Ғ.Қ. Қазақ ұлттық мотивтерді қолдану арқылы әйелдерің сәнді костюмін жасау	739
256	Кутузова А. А., Ильясова З. З. Динамика бифидобактерий в кишечнике телят при диареи	742
257	Манапбаева У.Е., Саржанова Д.Т., Тулендиева Г.О. Сырмақ дайындау технологиясы	744
258	Джанузакова Р.Д., Махамбетжанов Д.Б., Каршева К.О. Исследование входных и выходных характеристик биполярного транзистора в схеме с общим эмиттером с использованием пакета Electronic Workbench	748
259	Махамбетжанов Д.Б., Джанузакова Р.Д., Орманбекова А.А., Каршева К.О. Labview бағдарламау ортасында транзисторлардың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу	752
260	Мукаева А. М., Айдынбек Ф. Панно – интерьерді әшекейлеу элементі	754
261	Мукаева А. М., Сахиева А. Ілгекпен тоқылған дастархан – интерьер сәндеуі	756
262	Муратова В.Л. Рынок экологической продукции германии в условиях глобальной конкуренции	759
263	Муратова В.Л. Производство молока и возобновляемой энергии в Германии	762
264	Нуржанов Б.С., Тубашов Е. Мәліметтерді тарату желісіндегі коммутаторлар	764
265	Нуржанов Б.С., Қамбар А.А. DWDM технологиясының негіздері	768
266	Тлешова А.С., Ахметова С.О., Жолдыбай Б. «Сымсыз байланыс технологиясы» пәнінен оқу процесінде тәжірибе жүзінде сымсыз байланыс жүйелерінде сигналдарды қабылдау бойынша MATLAB бағдарламасын коданып білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмысын жасау	771
267	Тлешова А.С., Шедреева И.Б., Такен С. «Сымсыз байланыс технологиясы» пәнінен тәжірибе жүзінде «Cisco Packet Tracer» виртуалды зертхана негізінде желілік жабдықтарды қолданып білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмысын жасау	774
268	Кәдірбай А. К., Дүйсебай Н. Б., Спандияров Е., Өмірбаева Ш.Ж. Ұлттық сусын ашымыққа арналған композитті дән қоспасын жасау	778
269	Сугурова Л.А., Махамбетжанов Д.Б. Исследование полупроводникового диода с использованием средств САПР Electronics Workbench	781
270	Мажибек С., Абдилова Ғ.Б. Күнбағыс өнімін престоуде престоу процесін жетілдірудің тиімді жолдары	784
271	Сакибаева С.А., Калдыбаева А.Р., Байсейт Ж.Г. Разработка рецептуры резиновых смесей с применением отходов нефтеперерабатывающей промышленности – нефтяными шламами	786
272	Мусина Д., Асенова Б.К., Смольникова Ф.Х., Окусханова Э.К. Зерновые крупы – качество и безопасность	789
273	Ляпин Р., Мусина Д., Смольникова Ф.Х., Асенова Б.К., Окусханова Э.К. Исследование муки, реализуемой на потребительском рынке города Семейа	790